

ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA - 1979 -	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы	Силлабус	044-73/11-25 20 беттің 1 беті

-
**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы»
 АҚ жанындағы медицина колледжі**

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

СИЛЛАБУС

Пән коды: ЖББП 09
 Пәні: Қазақ әдебиеті
 Мамандығы: 09120100 «Емдеу ісі»
 Біліктілігі: 4S09120101 «Фельдшер»
 Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»
 Біліктілігі: 4S09130103 «Жалпы практикадағы мейіргер»
 Мамандығы: 09110100 «Стоматология»
 Біліктілігі: 4S09110102 «Дантист»
 Мамандығы: 09110200 «Ортопедиялық стоматология»
 Біліктілігі: 4S09110201 «Тіс технигі»
 Оқу сағаттарының/кредиттердің көлемі: 96/4
 Теория: 96 с.
 Курс: 1
 Семестр: 2
 Бақылау түрі: емтихан

Шымкент, 2023 ж.

ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-25
Силлабус		20 беттің 2 беті


«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша силлабус жұмыс оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды.

Оқытушы: Ж.С. Сарымсакова

Мамандығы: 09120100 «Емдеу ісі»
 Біліктілігі: 4S09120101 «Фельдшер»
 Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»
 Біліктілігі: 4S09130103 «Жалпы практикадағы мейіргер»
 Мамандығы: 09110100 «Стоматология»
 Біліктілігі: 4S09110102 «Дантис»
 Мамандығы: 09110200 «Ортопедиялық стоматология»
 Біліктілігі: 4S09110201 «Тіс технигі»

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде каралды.

Хаттама № 13 «27» 06 2023 ж.

Кафедра меңгерушісі:  А.Т. Сатаев


«Жалпы білім беретін пәндер» Пәндік циклдік комиссия мәжілісінде каралды.

Хаттама № 13 «27» 06 2023 ж.

Төрайымы:  Г.Т. Анапияева

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжінің Әдістемелік Кеңесінде каралды және бекітілді.

Хаттама № 10 «30» 06 2023 ж.

Төрайымы:  Г.О. Мамбеталиева

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA - 1979 -	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-25
Силлабус		20 беттің 3 беті

Оқытушылар туралы мәлімет

№	Аты –жөні	Дәрежесі және лауазымы	Қызметі	Жүргізетін пәні	Эл. м/ж.
1	Исабекова Асия Амангелдіқызы	Педагогика ғылымының магистрі	Оқытушы	Қазақ тілі, қазақ әдебиеті, кәсіби қазақ тілі	асем.0.1@mail.ru
2	Ахбанбетова Урзада Ширинбекқызы	Педагогика ғылымының магистрі	Оқытушы	Қазақ тілі, қазақ әдебиеті, кәсіби қазақ тілі	urzada@mail.ru
3	Сарымсақова Жанар Сапарбекқызы		Оқытушы	Қазақ тілі, қазақ әдебиеті, кәсіби қазақ тілі	Janar – Saparbek@mail.ru

3.1. Кіріспе

Әдебиет – сөз өнері, ол білім алушыларға көркем сөздің сыры мен қасиетін, сазы мен сағынышын жеткізетін, қиял әлеміне шарықтататын, ойлылыққа, шешендікке, көсемдікке тәрбиелеп баулитын пән.

3. 2. Пәннің саясаты:

- сабақтан себепсіз қалмау;
- білім алушының өзіндік жұмыстарын уақтылы кесте бойынша тапсыру;
- сабаққа қажетті оқу-әдістемелік кешеннің электрондық нұсқасын алу;
- сабаққа медициналық терминдер сөздігімен келу;
- белгіленген сөздік минимумды өз мерзімінде жаттап алу;
- сабақ үстінде басқа іспен шұғылданбау;
- сабырмен өзін-өзі ұстай білу, оқытушыларды және өзімен бірге оқитын жолдастарын сыйлау, мейірімді болу;
- сырт көрінісі мен киім үлгісіне тиянақты болу;
- кафедраның мүліктеріне қамқорлық жасау.

Білім алушы сабақтан қалған және өтем қағазы арқылы өтемеген, сабақ үлгерімінің 50%-ын жинамаған жағдайда емтиханға жіберілмейді.

3.3. Пәннің мақсаты: Сан ғасырлық жолдан өткен көркем әдебиеттің озық үлгілерімен таныстыру;

- білім мазмұнын сұрыптауда ғылымилық, түсініліктілік, жүйелелік, іс әрекеттілік пәнаралық байланыс , сабақтастық сияқты дидактикалық ұстанымдар басшылыққа алынып, оқушылардың бейіндік ерекшеліктерін ескеру;
- XIX-XX ғасырдағы көрнекті ақын-жазушылардың шығармашылығы және тәуелсіздік жылдарындағы әдебиеттің кейбір үлгілерін оқыту;

Тәуелсіздік кезеңіндегі шығармалар осы кезеңнің тарихи-әлеуметтік мазмұнының көрінісі ғана емес, халықтың әдеби қазынасы қызметінде қатар атқаратын туындылар ретінде қарастыру;

қазақ әдебиеті арқылы білім алушылардың бойына туған жерге, елге, ана тіліне деген шексіз құрмет сезімін дарыту, интеллектуалдық әлеуеті жоғары дара тұлға тәрбиелеу;

қазақ халқының мәдениетіне, тарихына, әдебиеті мен салт – санасына деген құрмет пен ілтипат сезімдеріне баулу;

қазақ әдебиеті арқылы білім алушылардың адамгершілік қасиеті мен рухани дүниесін байыту, оларды азаматтыққа, арлылыққа, достыққа тәрбиелеу

ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы	044-73/11-25
Силлабус	20 беттің 4 беті

3.4. Оқыту міндеттері:

- рухани жаңғырудың жалпыұлттық идеясы шеңберінде білім алушылардың әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған жалпы білім беру пәні;
- болашақ маманның ұлттық сана мен мәдени код негізіндегі танымын қалыптастыра отырып, әлемдік деңгейдегі білімді меңгеруде тілдің дәнекер болып табылатынына көз жеткізу, еліміздің дамуы жолында еңбек ететін маманның мемлекеттік тілді жетік меңгеріп, ұлттық жаңғыруды қамтамасыз етуге қабілетті мамандарды даярлауда қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.

3.5. Оқытудың соңғы нәтижелері:

Білімі мен түсінігі: Оқыту нәтижесінде білім алушы пән мақсатын және міндеттерін біле алатындығын көрсете алады. Болашақ маман кәсіби тілді өз кәсібінің шеңберінде науқаспен қарым-қатынас жасай алады және оған кеңес беріп, пікір білдіре алады. Жұртшылықпен тұрақты байланыс жасайтын кәсіби мамандардың сөз мәдениетін, кәсіпке қатысты лексика мен терминологияны меңгереді.

Білімі мен түсінігін қолдана білу: Оқыту нәтижесінде білім алушы кәсібіне қатысты қазақ әдебиетінің ерекшеліктерін толымды түрде меңгеріп шығады, Жинақталған білімдер жүйесін тәжірибеде өту кезеңдерінде ұтымдылықпен пайдалана алады. Білім алушылар оқу барысында жинаған білімдерін алдағы кәсіби қызметінде, ғылыми-зерттеу жұмысында пайдаланады. Сөйлеу мәдениеті (сәлемдесу, қоштасу, құттықтау, алғыс айту, дастарқан басында сөйлеу әдептілігі) өнер, мәдениет, әдебиет туралы айта білу, жиын, жиналыста сөйлей білу, ҚР халықаралық қарым-қатынасы туралы айтудағы ұлттық тіл ерекшеліктерін, өз мамандығына байланысты қазақша сөз тіркестерін қолдана алады.

Ой-пікірді қалыптастыру: Оқыту нәтижесінде білім алушы кәсіби сала бойынша мамандығы, сала мамандарының өмірбаяны туралы тұжырым жасай алады. Қазақтың ақын ғылым, жазушылар туралы ақпаратты жинап, олардың еңбектерінен тұжырым жасай алады.

Оқыту дағдылары немесе оқуға қабілеттері: Оқыту нәтижесінде білім алушы ақпаратты жинақтап, оны керекті бағытта жан-жақты талқылай алады. Шығармашылық мәтіндерді меңгеруде қазақ тілінің әдіс тәсілдерін қолдануды, дамуына немесе тез тарауына әсер етуші факторларды зерттей келе, өз пікірін білдіреді.

Коммуникативтік қабілеттері: Оқыту нәтижесінде білім алушы қарастырылатын салада өз бетінше алынған білімдерін, өз пікірлерін жеткізе алады, ақпаратты талдау және тұжырымдай алу қабілеттерін көпшілік алдында көрсете алады. Арнаулы – қазақ әдебиеті тарихы бойынша құнды жәдігерлерді, ескерткіштерді жан-жақты терең меңгеру, оларға әдеби талдау жасауға дағдылану, тілдік, әдеби ерекшеліктерін сараптай алу дағдысын қалыптасады.

3.6 Реквизитке дейінгі: мектеп бағдарламасындағы қазақ әдебиеті.

3.7. Реквизиттен кейінгі: мамандығына қатысты салалық пәндер.

3.8. Пәннің қысқаша мазмұны

Қазақ әдебиеті - елеулі бір кезеңді қамтитын пән. Мұнда XIX –XX ғасырдағы көрнекті ақын жазушылардың шығармашылығы және тәуелсіздік жылдардағы әдебиеттің өкілдері Д. Бабатайұлы, Ш. Қанайұлы, С.Аронұлы, М.Өтемісұлы, С.Сейфуллин, Б.Майлин, М.Жұмабаев, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Қ.Аманжолов, Ә.Тәжібаев, т.б. шығармашылығы қарастырылады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы	044-73/11-25
Силлабус	20 беттің 5 беті

3.9. Пәннің тақырыптық жоспары:

№	Сабақтың тақырыбы	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
1	XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті. Дулат Бабатайұлы. «Аягөз» өлеңі. «Еспенбет» дастаны.	Жалпы шолу.(XIX ғасырдағы тарихи-әлеуметтік жағдай, ел ішіндегі отаршылдыққа қарсы күрес, оның сол кездегі әдебиетте Махамбет, Дулат, Сүйінбай, Нысанбай шығармашылықтарында көрініс табуы. Тәуелсіздікті, азаттықты аңсаудан туған өлең-жырлар. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихында әртүрлі ағымдардың пайда болуы, «Зар заман»ақындарының шығармаларына ортақ сарын. Дулат Бабатайұлы. «Аягөз» өлеңі мен «Еспенбет» дастаны. (Ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы мәлімет.	3
2	Махамбет Өтемісұлы. «Менің атым Махамбет». «Атадан туған аруақты ер» «Нарын», «Тайманның ұлы Исатай».	Махамбет Өтемісұлы «Менің атым Махамбет», «Атадан туған аруақты ер», «Нарын», «Тайманның ұлы Исатай» өлеңдері. (Ақынның өмір сүрген дәуірі мен ақын өлеңдерінен көрініс табатын халықтық арман-тілегі. Махамбет жырларындағы Исатай мен ақынның өз бейнесі. Батыр образын сомдаудағы ұлттық дәстүрлі нақыштар мен Махамбетке тән сөз қолданыстар. Халық трагедиясы-ақын трагедиясы.	2
3	Сүйінбай Аронұлы. «Бөрілі менің байрағым», «Ту алып жауға шапсаң сен». «Датқалар», «Әділеттік орнаса», «Сүйінбайдың Тезек төреге көңіл айтуы».	Сүйінбай Аронұлы. «Бөрілі менің байрағым», «Ту алып жауға шапсаң сен», «Датқалар», «Үмбетәліге өлеңдері. («Сүйінбай мен Тезек төре», «Сүйінбай мен Қатаған» айтыстары, Сүйінбай- айтыстың асқан шебері және қазақ пен қырғыз елдеріне өткір тілді, озық ойымен кеңінен танылған ақын.	3
4	Майлықожа Сұлтанқожаұлы. «Толғау», «Үш жігіт», «Аңқау мен қу», «Жылдың төрт мезгілі».	Майлықожа Сұлтанқожаұлы. «Толғау», «Үш жігіт», «Аңқау мен қу», «Жылдың төрт мезгілі», (Ақын шығармаларынан көрінетін терең ойшылдықпен өткір сықақшылдық. Көнеден келе жатқан дидактикалық сарынды жалғастырушы ақынның сүйіспеншілікті жырлауы. Оның шығыс ақындарына еліктеуі).	2
5	Мұрат Мөңкеұлы. «Үш қиян», «Сарыарқа», «Шөлгез». «Қазтуған», «Қарасай-Қази» дастаны.	Мұрат Мөңкеұлы «Үш қиян» толғауы, «Сарыарқа», «Қарасай-Қази» дастаны. (XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген ақындардың бірі Мұрат Мөңкеұлының өлеңдеріндегі замана жайының суреттелуі.	3

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA - 1979 -	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-25
Силлабус		20 беттің 6 беті

		«Үш қиян» толғауы «Зар заман» дәуірі әдебиетінің үздік туындысы. Ондағы ел, жер тағдыры туралы толғамдары. « Қарасай-Қази» дастанының сюжеттік желісі. Ақынның сатиралық шығармалары. шығармаларының көркемдік ерекшеліктері. Мұрат-айтыс өнерінің шебері).	
6	Шоқан Уәлиханов. «Ыстықкөл күнделігі», «Жоңғар очерктері», «Қазақ халық поэзиясының түрлері».	Шоқан Уәлиханов. «Ыстықкөл күнделігі», «Жоңғар очерктері», «Қазақ халық поэзиясының түрлері» зерттеу еңбектері. Шоқанның өмірі мен шығармашылығы. Ғалымның қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясына қатысты ойлары. Ш.Уәлихановтың зерттеу еңбектеріндегі қазақтың жыр-дастандары мен ақын-жыршылары туралы мәліметтері.	2
7	Ыбырай Алтынсарин. «Залым төреге», «Азған елдің хандары», «Азған елдің билері», «Жаз», «Өзен» өлеңдері. «Атымтай Жомарт», «Мейірімді бала» әңгімелері.	Ыбырай Алтынсарин «Жаз», «Өзен», «Залым төреге», «Азған елдің хандары», «Азған елдің билері» өлеңдері, «Атымтай Жомарт», «Мейірімді бала» әңгімелері. «Қазақ хрестоматиясы» оқулығы.	3
8	Абай Құнанбаев. «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат». «Сегіз аяқ», «Мәз болады болысың» өлеңдері. «Масғұт» дастаны. Қара сөздері: «Бірінші сөз», «Алтыншы сөз», «Он сегізінші сөз».	Абай Құнанбаев «Жаз», «Күз», «Желсіз түнде жарық -ай», «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Мәз болады болысың», «Сегіз аяқ» өлеңдері мен «Масғұт» дастаны. Абайдың өмірі мен шығармашылық жолы. Қарасөздері: бірінші сөз, алтыншы сөз, он сегізінші сөз, Он тоғызыншы сөз, жиырма бесінші сөз, отыз жетінші сөз. Абай қарасөздерінің көтерген мәселелері, даналық ойлары, насихаттары, пікір жағынан өлеңдерімен тығыз байланысы, өзіндік ерекшелігі.	2
9	Шәкірім Құдайбердіұлы. «Жастарға», «Дүние мен өмір», «Ақындарға», «Кәрілік туралы». Еңлік-Кебек» дастаны.	Шәкәрім Құдайбердіұлы. «Жастарға», «Дүние мен өмір», «Ақындарға», «Кәрілік туралы» өлеңдері, «Еңлік-Кебек» дастаны. Шәкәрімнің өмірі мен шығармашылық жолы.	3
10	Шәңгерей Бөкеев. «Бұл дүние пәнилығын етеді екен», «Қайран жерім», «Ғылым», «Қосаяқ», «Құйрық атып құлия» өлеңдері. «Қашқын» поэмасы.	Шәңгерей Бөкеев. «Бұл дүние пәнилығын етеді екен», «Қайран жерім», «Ғылым», «Қосаяқ», «Құйрық атып құлия» өлеңдері. «Қашқын» поэмасы.	2

ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы	044-73/11-25
Силлабус	20 беттің 7 беті

11	Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. «Хал - ахуал», «Шайтанның саудасы», «Сарыарқа кіндігі», «Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз». «Гүлшат-Шеризат» дастаны.	Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. «Шайтанның саудасы» өлеңі, «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» кітаптары «Гүлшат-Шеризат»дастаны. (Мәшһүр Жүсіп шығармаларында орын алған білім, жер мәселесі, сөз бостандығы.	3
12	Әнші – сазгер ақындар шығармашылығына шолу Біржан сал Қожағұлұлы. «Жамбас сипар», «Ләйлім шырақ», «Теміртас», «Сырғақты», «Жанбота», «Көкек» әндері.	Әнші сазгер ақындар шығармашылығына шолу. (XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі әнші-ақындар шоғыры. Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақтар тума талант, табиғи дарын иелері екендігі), Біржан сал Қожағұлұлы. «Жамбас сипар», «Ләйлім шырақ», «Теміртас», «Сырғақты», «Жанбота», «Көкек».	2
13	Ақан Қорамсаұлы. «Жайықтың ақ түлкісі», «Ақ көйлек», «Асыл мен жасық», «Жақсы мен жаман», «Құлагер», «Маңмаңгер», «Ләйлім шырақ», «Сырымбет», «Балқадиша» әндері.	Ақан сері Қорамсаұлы. «Жайықтың ақ түлкісі», «Ақ көйлек», «Асыл мен жасық», «Жақсы мен жаман», «Ләйлім шырақ», «Маңмаңгер», «Балқадиша» әндері (Ақан-қазақтың ақын тобының көрнекті өкілі. Ақанның өмірі туралы деректер. Ақан-ақын,әнші, сазгер. Ақанның өмір, заман туралы толғаулары.	3
14	Әсет Найманбаев. «Қор болмас зерек адам ақылы бар», «Үлкен Ардақ», «Кешубай». «Перизат», «Адамның жасы жөнінде», «Тоты», «Арғынмын, атым Әсет - арындаған» өлеңдері. «Салиха - Сәмен» дастаны.	Әсет Найманбайұлы. «Қор болмас зерек адам ақылы бар», «Үлкен Ардақ», «Кешубай», «Арғынмын, атым Асет-арындаған» өлеңдері, «Салиха -Сәмен» (Асет Найманбайұлының өмірі мен шығармашылығы туралы деректер. Ақын әншінің әдебиет тарихындағы орны.	2
15	Ахмет Байтұрсынов «Қырық мысал», «Маса» жинағы. «Әдебиет танытқыш» зерттеу еңбегі.	Ахмет Байтұрсынұлы. «Қырық мысал», «Маса», жинақтары, «Әдебиет танытқыш» зерттеу еңбегі (Ахмет Байтұрсынұлы- қазақ әдебиеті, мәдениеті тарихындағы ірі тұлға, аса көрнекті ғалым, қоғам қайраткері, ақын, аудармашы. «Маса» жинағындағы өлеңдердің мазмұны мен мәні. Аудармалары. «Қырық мысал», «Әдебиет танытқыш» -қазақ тілінде әдебиет теориясы ғылыми теориясын ғылыми негізде жүйелеген алғашқы еңбек екендігі.	3
16	Міржақып Дулатов «Шәкірт», «Таза бұлақ», «Оян қазақ» өлеңдері. «Бақытсыз Жамал» романы.	Міржақып Дулатұлы. «Шәкірт», «Таза бұлақ», «Оян қазақ» өлеңдері, «Бақытсыз Жамал» романы (Өмірі мен қоғамдық қызметі. «Оян қазақ» жинағына кірген өлеңдеріндегі азаттық идеясы. «Бақытсыз	2

ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA - 1979 - MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-25
Силлабус		20 беттің 8 беті

		Жамал»- қазақ әдебиетіндегі тұңғыш роман. Шығарманың жанрлық ерекшелігі. Романда суреттелген әлеуметтік теңсіздік мәселелері және қазақ әйелдерінің тағдыры. Жамал бейнесінің реалистік сипаты, автордың образ сомдау және адам психологиясын суреттеу шеберлігі).	
17	1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты туған әдебиет, ұлт-азаттық көтеріліс және оның қазақ тарихындағы орны. Омар Шипин «Аманкелді батыр» дастаны.	1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты туған әдебиет, ұлт-азаттық көтеріліс және оның қазақ тарихындағы орны. «Көтеріліске байланысты туған әдебиеттің демократтық дәстүрлермен байланысы.	3
18	Иса Дәукебаев «Бекболат» поэмасы.	Иса Дәукебаев өмірбаяны мен шығармашылығы. «Бекболат» поэмасы – 1916 жылғы көтеріліс туғызған әдебиеттің ішіндегі ең көрнектілерінің бірі. Поэmanın оқиғасы бай, құрылысы қызықты: оқиғаның даму сатылары барған сайын шиеленісіп, қайғылы, қатерлі жағдайлар мен ерлік қатарласа суреттелініп отырады.	1
	№1 Аралық бақылау	1-18 тақырыптар бойынша тест, ауызша/жазбаша түрде алынады.	1
19	Жамбыл Жабаев «Зілді бұйрық».	Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат. «Зілді бұйрық». «Ленинградтық өренім» өлеңінің шығу тарихымен таныстылады.	3
20	Кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиетіне жалпы шолу. Жүсіпбек Аймауытов «Ақбілек» романы. «Шернияз» пьесасы.	1920-1950 жылдардағы қазақ әдебиеті. Кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиетіне жалпы шолу. Жүсіпбек Аймауытов. «Ақбілек» романы, «Шернияз» пьесасы «Өмір жолы, шығармашылық мұрасы, қоғамдық-әлеуметтік қызметі. Жүсіпбек Аймауытов-дарынды жазушы, драматург, ғалым, аудармашы, көсемсөз шебері. «Ақбілек» романы.	2
21	Мағжан Жұмабаев «Туған жерім - Сасықкөл», «Жұлдызды жүзік, айды алқа қып берейін», «Шолпы», «Сырдағы Алашқа» өлеңдері, «Қорқыт», «Қойлыбайдың қобызы» поэмалары.	Мағжан Жұмабаев. «Туған жерім Сасықкөл», «Туған жер». «Сен сұлу», «Күміс нұрлы ай», «Жұлдызды жүзік, айды алқа қып берейін»өлеңдері , «Қорқыт», «Қойлыбайдың қобызы» поэмалары (Өмірі мен шығармашылық жолы. Мағжанның өлеңдеріндегі халықтық рух, азаматтық әуен, ағартушылық-демократтық сарын. Мағжанның табиғат, махаббат лирикасы.	3
22	Сәкен Сейфуллин өлеңдері: «Жайлауға көшу» «Сыр сандық »	Сәкен Сейфуллин. «Сыр сандық өлеңі» мен «Көкшетау» поэмасы (Өмір жолы, қоғамдық-саяси қызметі, ұстанған бағыты.	2

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы	044-73/11-25
Силлабус	20 беттің 9 беті

	«Көкшетау», «Аққудың айырылуы» поэмалары.	Өлеңдерінің реалистік сипаты, демократтық-ағартушылық бағытта және Қазан төңкерісі туралы жазған шығармалары. Ақынның табиғат лирикасы. Сыр сандық лирикасының көркемдік ерекшелігі. Суреткерлік шеберлігі. «Көкшетау» поэмасының тақырыбы, композициялық құрылымы. Ертегі, аңыздарға негізделген оқиғалар жүйесі. Тұтқын қыз, Адақ образы. Поэмадағы Абылайхан бейнесі. Сакен-қазақ мәдениеті мен тарихында қайталанбас өзіндік орны бар азамат, күрескер ақын, тоталитарлық қоғам құрбаны).	
23	Бейімбет Майлин. «Шұғаның белгісі», «Қара шелек» әңгімелері.	Бейімбет Майлин. «Азат әйел», «Көңіл айту» өлеңдері, «Майдан» пьесасы (Жазушының өмірі. Лирикасы мен поэмалары. Ақын поэзиясының тақырыптары мен көркемдік ерекшеліктері. Б.Майлиннің прозасы. Шығармашылығының басты тақырыбы – қарапайым еңбек адамы, қазақтың қалың бұқарасының қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі жаңалықтарға байланысты сана-сезімдегі өзгерістері. Майлин - әңгіме жанрының шебері. Б.Майлин – драматург. Роман, хикаяттарына жалпы шолу).	3
24	Ілияс Жансүгіров. «Ағынды менің Ақсуым», «Жетісу суреттері» өлеңдері. «Құлагер» романы.	Ілияс Жансүгіров. «Ағынды менің Ақсуым», «Жетісу суреттері» өлеңдері, «Құлагер» поэмасы (Өмірі мен әдеби-шығармашылық қызметі. Ілияс лирикасының негізгі тақырыптары. Табиғат лирикасы. Ақын лирикасындағы суреттілік, бейнелілік. «Құлагер» поэмасының тақырыбы, сюжеті, көркемдігі, тіл айшығы. Поэмадағы Ақан мен Құлагер бейнесі. Күреңбай сыншы мен Батыраш образы. Ақынның мінез сомдау шеберлігі. Поэманың композициялық құрылымы. Идеясы. Автордың көркемдік шешімі).	2
25	Мұхтар Әуезов өмірі мен шығармашылығы. «Абай жолы» роман-эпопеясынан үзінді. «Еңлік - Кебек», «Қарагөз» драмалары.	Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясы үзінді, «Еңлік-Кебек», «Қарагөз» драмалары (Мұхтар Әуезов – қазақ әдебиетінің классигі. М.Әуезовтің шығармашылық өмірбаяны. Проза және драматургия жанрларын өркендетуге қосқан үлесі. Жазушының әңгімелері «Қорғансыздың күні», «Қыр суреттері», «Көксерек», т.б. Тақырыптық және идеялық ерекшелігі. Адам мінезін ашудағы	3

QONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979- SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы	044-73/11-25
Силлабус	20 беттің 10 беті

		психологиялық ізденістері. Пьесаларындағы тартыс пен мінез. Монолог пен диалог. «Абай жолы» роман-эпопеясының әлемдік әдебиеттің алтын қорына енген шығарма екендігі. Эпопеяның тарихилық, этнографиялық сипаты. Романдағы Абайдың азаматтық, ақындық бейнесі. Абай образының өсу, даму динамикасы. Абай жолындағы әйелдер бейнесі. Сөз өнерінде сәтті сомдалған образдың бірі-Құнанбай образы екендігі. Тарихи шындық және көркемдік шешім. Романның композициясы. Сюжет пен характер. Кейіпкер тілінің даралануы. Шешендік сөз үлгісі. М.Әуезов бейнелеген пейзаж бен портреті.	
26	Сәбит Мұқанов. «Сұлушаш» поэмасы. «Аққан жұлдыз» романынан үзінді.	Сабит Мұқанов. «Сұлушаш поэмасы», Аққан жұлдыз романы үзінді (С.Мұқановтың өмірбаяны, шығармашылығы, (ақын, жазушы, әдебиет зерттеушісі. «Сұлушаш»-өлеңімен жазылған роиан, ақынның шоқтығы биік шығармасы екендігі. Романның кейіпкерлері, автордың көркемдік ізденістері. Аққан жұлдыз романының көркемдік , композициялық ерекшеліктері , кейіпкерлерді даралау , адам мінезін сомдау шеберлігі. «Аққан жұлдыз» тарихи роман. Шоқан образы. Айғаныс мен Шыңғыс бейнелері. Тіл көркемдігі.	2
27	Ғабит Мүсірепов . «Қазақ солдаты» романынан үзінді, «Ақан сері - Ақтоты» трагедиясы.	Ғабит Мүсірепов. «Қазақ солдаты» романы үзінді, «Ақан сері-Ақтоқты» трагедиясы. (Ғ.Мүсірепов- көркем сөз шебері. Ана туралы әңгімелеріне шолу. «Қазақ солдаты» -екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қазақ жауынгерлернің ерлігін көркем бейнелеген патриоттық шығарма. Қаламгердің соғыс тақырыбын меңгеру жолындағы ізденістері. Жазушының адам портретін жасау шеберлігі, тіл көркемдігі, стилі. Шығарманың өн бойындағы халқымыздың адамгершілік, азаматтық, батырлық, ерлік болмысының жарқын көріністері).	3
28	Қасым Аманжолов. «Ұлы Отан соғысы туралы жыр», «Байқал», «Орал», «Елге хат» өлеңдері. «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы.	Қасым Аманжолов «Ұлы Отан соғысы туралы жыр», «Байқал», «Орал», «Ақын өлімі туралы аңыз» «Елге хат» өлеңдері-2 сағат (Қасым Аманжоловтың өмірі мен шығармашылығы. Ұлы Отан соғысына дейінгі кезеңдегі шығармашылық ізденістерің. Ұлы Отан соғысы кезінде туған шығармалар. Соғыстан кейінгі жылдары	2

ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-25
Силлабус		20 беттің 11 беті

		жазылған өлеңдері. Лирикасы. Поэмалары. Ақын поэзиясындағы романтизм мен реализм. Поэзиясындағы достық пен махаббат, ерлік пен елдік мәселелерінің көркем жинақталуы).	
29	Әбділда Тәжібаев. «Портреттер» толғау эссесі. «Монологтар» поэмасы.	Әбділда Тәжібаев. «Портреттер» толғау эссесі, «Монологтар» поэмасы (Ақынның өмірі мен шығармашылығы. Жазушының поэзия, драматургия және әдебиеттану ғылымы саласында қатар еңбек етуі. Лирикасы, поэмалары. Толғауларындағы замана жайлы ірі ойлары. Шығармаларының тақырыптық ерекшеліктері. Комедия жанрындағы ізденістері: «Дубай Шубаевич» комедиясы. Әдебиеттану саласындағы зерттеу еңбегі: «Өмір және поэзия»).	3
30	60-шы жылдар қазақ әдебиетіндегі жаңа бетбұрыс кезеңі. Хамза Есжанов. «Ақ жайық» романы. Мұқан Иманжанов. «Алғашқы айлар» повесі.	60- жылдар –қазақ әдебиетіндегі жаңа бетбұрыс кезеңі.»Оның себептері мен салдары. Поэзиядағы тың ізденістер. Жаңа толқын ақындардың өлеңдеріндегі нәзік лиризм, жаңа ойлары. Хамза Есенжанов. «Ақ жайық» романы. Өмірбаяны мен шығармашылығы. «Ақ жайық» романы-XX ғасыр басындағы қоғам өміріндегі аласапыранды кезеңнің жанды суреттелген шежіресі. Романның реалистік сипаты. Шығармадағы тарихи тұлғалар. Жазушының пейзаж, портрет жасау шеберлігі. Жүніс қажы бейнесі. Мұқан Иманжанов «Алғашқы айлар» повесі. (М.Иманжановтың өмірі мен қызметі. Повестің тақырыбы мен сюжеттік даму ерекшелігі. «Алғашқы айлар»повесінде жас ұстаз Жақыпбектің және оқушы-шәрттері Сапар, Сейтен, Жарқын образдарының көркем жинақталуы. Шығармадағы мектеп өмірі, бала тәрбиелеу жұмысының қиыншылықтары мен қуаныштары, өзіндік ерекшеліктері. Жазушының балалар мінез-құлқын суреттеудегі ізденістері мен жетістіктері. Шығарманың идеялық мұраты).	2
31	Жұбан Молдағалиев «Мен қазақпын», «Қыран дала» поэмалары.	Ж.Молдағалиев. «Мен -қазақпын», «Қыран дала» поэмалары (Ақынның шығармашылық өмірі. Ж.Молдағалиев-эпик ақын. Поэмадағы халық тарихы, ұлт болмысы. «Мен - қазақпын» поэмасының жанры, ондағы публицистикалық сарын. Тіл көркемдігі, сюжеттік даму сипаты, ұйқас үйлесімі, екпін мен ырғақ ерекшелігі. Поэманың идеялық	3

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы	044-73/11-25
Силлабус	20 беттің 12 беті

		мұраты. «Қыран дала» поэмасының тақырыбымен идеясы, өлең өлшемдерінің алмасып келіп отыру себептері. Ақын көкसेген елге, жерге қатысты ойлардың бүгінгі күнмен сәйкестігі. Дастанның көркемдік жүйесі).	
32	Сырбай Мауленов. «Боранда», «Қош бол саулем», «Түбірлер», «Жастығым сені жоғалттым», «Ақ түн» өлеңдері.	Сырбай Мәуленов. «Боранда», «Қош бол саулем», «Түбірлер», «Жастығым сені жоғалттым», «Ақ түн» өлеңдері (Өмірі мен шығармашылық жолы. Кеңес дәуірі әдебиетіндегі С.Мәуленовтің орны. С.Мәуленов –лирик ақын. Табиғат литрикасы. Ақын өлеңдеріндегі соғыс суреттері. Сырбай өлеңдеріндегі ұйқас, ырғақ, тіл көркемдігі).	2
33	Тахауи Ахтанов. «Боран», «Шырағым сөнбесін». Қабдеш Жұмаділов. «Тағдыр» романы.	Тахауи Ахтанов. «Боран», «Шырағым сөнбесін» романдары . Жазушының өмірі мен шығармашылығы. Боран романындағы адам тағдыры, өмір сүйгіштік рух. Жазушының тілі. «Шырағым сөнбесін» романының тақырыбы, идеясы. Нәзира бейнесі. Кейіпкерлердің ұлттық болмысы.	3
34	Әбдіжәмил Нұрпейісов. «Қан мен тер» трилогиясы.	Әбдіжәмил Нұрпейісов. «Қан мен тер» трилогиясы «Жазушының өмірі мен шығармашылығы. «Қан мен тер» трилогиясының көтерген тақырыбы. Шығарманың жанрлық сипаты. Шығармадағы Еламан, Ақбала Тәңірберген, Судыр Ахмет образдары- типтік бейне. Романдағы тартыс. Жазушының мінез сомдау шеберлігі.	2
35	Зейнолла Қабдолов. «Менің Әуезовым» роман эссе үзінді. Қадыр Мырза-әлі. «Домбыра» өлеңі.	Зейнолла Қабдолов. «Менің Әуезовім» Роман-эссе үзінді. Жазушының өмірі мен шығармашылық жолы туралы қысқаша мәлімет. Роман –эссенің заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің өмірі, ұстаздығы мен шығармашылығы туралы жазылған көркем шығарма екендігі. Романның көтерген тақырыбы, идеясы. Сюжеті мен композициялық құрылымындағы ерекшеліктер. Шығармадағы қалагердің кейіпкер монологы мен диалогын берудегі шеберлігі. Шығармада сомдалған М.Әуезовтің әдеби-көркем бейнесі. Автордың ұстазына деген сүйіспеншілігі, інілік ізеті мен шәкірттік адал пейілі. Шығарманың жанрлық сипаты.	3
36	Мұқағали Мақатаев. «Қайран Қарасазым-ай» лирикасы, «Дариға	Мұқағали Мақатаев. «Қайран Қарасазым-ай» лирикасы, «Дариға жүрек» поэмасы. Өмірі мен шығармашылық	2

ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA - 1979 -	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-25
Силлабус		20 беттің 13 беті

	жүрек поэмасы».	қызметі. Қазақ поэзиясына қосқан үлесі. Қалтай Мұхамеджановтің өмірі мен шығармашылығы. «Көктөбедегі кездесу» пьесасының мазмұны.	
37	Қалтай Мұхамеджанов. «Көктөбедегі кездесу» пьесасы.	Қазақ әдебиетінің тәуелсіздік жылдарындағы даму бағыттары. Ұлттық рухани жаңару және сөз бостандығы. Ұшқыр жанр лирикадағы ел егемендігінің жырлануы. Поэзиядағы тың тақырып, жаңа идеялар мен соны теңеулер. Эпикалық жанрдағы тың ізденістер, қол жеткен табыстар. Поэзияда дәуір шындығының көркем жинақталуы. Қазіргі қазақ айтысы. Айтыс өнерінің бұқаралық сипат алуы, ұлттық идиологияның ұйытқысына айналуы. Тіл мен діл, дәстүр мен әдебиет, өнер мен әдебиет халықтың ғасырлар бойғы рухани құндылықтары болып табылатындығы. Тәуелсіздіктің негізгі тірегі бірлік ынтымақта екендігі туралы аға буын Қонысбай Әбілов, Әселхан Қалыбекова, Алия Беркеновадан бастап Мәліс Қосымбаев, Мұхамеджанов Тазабеков, Айбек Қалиев, Бекарыс Шойбеков, Оразалы Досбосынов жыр сайыстарында қоғамдық - әлеуметтік мәселелердің қозғалып, қоғамдағы кейбір келеңсіз жайлардың сыналуы.	3
38	Әзілхан Нұршайықов. «Ақиқат пен аңыз» романы.	Әзілхан Нұршайықов. «Ақиқат пен аңыз» романы» Қаламгердің өмірі мен шығармашылығы. Ә.Нұршайықовтың очерк жанрының шебері екендігі. «Ақиқат пен аңыз» роман-дилогиясы, оның жанрлық ерекшелігі. Романның жазылу тарихы.	2
	№2 Аралық бақылау	19-38 тақырыптар бойынша тест, ауызша/жазбаша түрде алынады.	1
	Пәннің жалпы сағат саны		96

3.10. Ұсынылатын әдебиеттер:

Негізгі:

1. Тұрсынғалиева С.Ч, Такишева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Оқулық 10-сын. Астана «Арман ПВ», 2014
2. Әдістемелік құрал. 10-сынып Астана «Арман ПВ» 2014;
3. Тұрсынғалиева С.Ч, Такишева А.Ж, Қазақ әдебиеті : Әдістемелік құрал 10-сынып;
4. Тұрсынғалиева С.Ч, Берекенова Ә.С. Қазақ әдебиеті Хрестоматия 10-сынып (Қ-Г) Астана «Арман ПВ», 2014;
5. Тұрсынғалиева С.Ч, Такишева А.Ж, Қазақ әдебиеті: Жұмыс дәптері 10 сынып Астана «Арман ПВ», 2014;
6. Қазақ әдебиеті ХІХ 10-сынып Ж-М / Алпысыбаев Қ. Алматы, Мектеп 2010;
7. Бердібай Р. Қазақ әдебиеті Оқулық 11-сынып Алматы, Мектеп 2011

ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-25
Силлабус		20 беттің 14 беті

- 8.Қазақ әдебиеті/ Алпысыаев : Уч-Ж-М- А : Мектеп 2006;
- 9.Қазақ әдебиеті: Оқулық 10-сынып Қ-Г/ Қирабаев С:-А Мектеп 2006 ;
- 10.Қазақ әдебиеті: Хрестоматия 10-сынып/ Ә.Шәріпова –Алматы: Мектеп 2003;
- 11..Қирабаев С, Мырзағалиев Қ, Қазақ әдебиеті: Оқулық 10 сынып. Мектеп, 2001.
12. Адуллабекова А. Т., Ахбанбетова Ү.Ш. Қазақ әдебиеті. Шымкент, 2011
13. Кемелхан Д.Ж, Ахбанбетова Ү.Ш., Сәлім Е.Қ. Қазақ әдебиеті. Қарағанды 2019

2.Қосымша әдебиеттер:

- 1.З. Қабдолов «Сөз өнері» Алматы 2002
2. Бес ғасыр жырлайды 2 томдық- Алматы 1989.
3. Қазақ әдебиеті анықтамалығы. Алматы 2000
- 4 Қазақ көркем сөзінің шеберлері. Анықтамалық. Қарағанды 2010
- 5.Таңжарықова А. Қазіргі қазақ поэзиясындағы сал-серілер образы. Алматы 2007
6. С.Қирабаев Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. Алматы 2000
7. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары Алматы 2001
- 8.Кәрібаева Б. Қара өлең және лирика. ҚР Білім және ғылым министрлігі . Алматы Ү.Алтынсарин атындағы ҚР Білім Академиясы.
- 9..Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. Алматы 2004-2086.
- 10.Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналары: Зерттеулер. Астана 2010ж.

3.11. Пәнді оқытудың түрлері/әдістері/технологиялары:

Теориялық сабақтар – мәселелік, ақпараттық, әңгіме, дәріс-презентация, бинарлық. Аудиториямен кері байланыс дәріс тақырыптары бойынша білім алушылармен блиц-сауалнама, әңгіме, ауызша сұрау, жұптасып жұмыс жасау, топтасып жұмыс жасау, тест тапсырмаларын шешу, тақырып сұрақтарын талқылау; шағын топпен жұмыс, пікірталас, бағыт беру,шығарма жазу, эссе жазу, мәтін құрастыру, презентация, кеспе қағаздарымен жұмыс, пікір талас.

3.12. Білімді бағалаудың критерийлері және ережелері:

Ағымдық бақылау: ауызша сұрау

Аралық бақылау: сұрақ- жауап, 9 және 19 аптасында өткізіледі.

Қорытынды бақылау: ауызша емтихан .

-Білім алу нәтижелерінің суммарлық бағалануы пәннің бағдарламасына (силлабусқа) сай қойылған ағымды бағалар негізінде жүргізіледі.

Платонус бағдарламасымен автоматты түрде есептелген жіберілу рейтингі (ағымды және аралық бақылаулардың ортақ баллы) қорытынды бағасы ретінде алынады. Емтихан ауызша алынады. Ауызша алынған немесе тест жүйесі бойынша алынған емтихан бағасын пән оқытушысы Платонус ААЖ-ға қояды.

Әріптік жүйемен бағалау	Баллдың сандық эквиваленті	Пайыздық өлшем	Дәстүрлі жүйемен бағалау
A	4,00	95-100%	Өте жақсы
A-	3,67	90-94%	
B+	3,33	85-89%	
B	3,00	80-84%	Жақсы
B-	2,67	75-79%	
C+	2,33	70-74%	
C	2,00	65-69%	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64%	
D+	1,33	55-59%	
D	1,00	50-54%	

ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA - 1979 -	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-25
Силлабус		20 беттің 15 беті

F	0,00	0-49%	Қанағаттанарлықсыз
---	------	-------	--------------------

3.12.1. Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

ОН №	Оқыту нәтижелерінің атауы	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
БҚ1.1	Оқытудың ауызекі әдістері: әңгіме, лекция, баяндау, пікірлесу т.б.	Білім алушыға негізгі оқу-бағдарламалық материалдың менгермеген жағдайда қойылады. «Қанағаттанғысыз» бағасы студент жетекшісіз және қосымша жұмыссыз (қосымша сабақтар, консультациялар) оқуды жалғастыра алмайтынын білдіреді.	Негізгі оқу - бағдарламалық материалды келесі оқу материалын оқына қажетті көлемінде меңгерген, бірақ бірқатар қате жіберген білім алушыға қойылады. Білім алушы жетекшінің көмегімен қателерін жоя алатын және өз бетінше орындай алатындай болу керек	Оқу-бағдарламалық материалын жақсы меңгерген, бағдарламада берілген тапсырмаларды орындаған, пән бойынша жүйелі түрде алған білімдерін көрсеткен, бірақ болмашы қателерін өзі толықтыра алтын білім алушыларға қойылады.	Оқу - бағдарламалық материалдарын жанжақты және терең білетін, оны жақсы білетін, тапсырмаларды өз бетінше дұрыс толық орындай алатын білім алушыларға қойылады.
БҚ1.2	Сыни ойлау және шешім қабылдау: мәселелерді және ықтимал шешу жолдарын анықтайды, гипотезаны тексереді және оқиғалардың ықтималдығын бағалайды, қортынды жасайды және негізделген шешімдерді қабылдайды.	Алынған білімді қолданбағаны үшін	Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білгені үшін бағаланады	Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білу дағдыларын көрсеткені және оқиғалардың ықтималдығын сипаттағаны үшін қойылады	Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білу дағдыларын көрсеткені және оқиғалардың ықтималдығын бағалап қорытынды жасағаны үшін қойылады

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-25
Силлабус		20 беттің 16 беті

БҚ 2.1	Қоғамдық өмір: қоғамдық өмірге белсенді қатысады. Коммуникативтік дағдылар: жағдайды ескере отырып, әртүрлі адамдармен тиімді қарым-қатынасты көрсетеді	Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданады, ал айда алған білімін тиімді көрсете алмағаны үшін қойылады.	Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданғаны, алған білім негізінде оқу экспериментін жүргізгені үшін қойылады. Іздеу және өңдеу барысында алынған ақпаратты басқа пайдаланушыларға жеткізе алады.	Топпен қарым-қатынас және өзара әрекеттесуді қамтамасыз еткені үшін, ана тілі мен басқада тілдік білімі үшін қойылады. Өзін-өзі үздіксіз дамытуға және дамуға қабілетті болғаны үшін, ақпараттарды талдап және қорытындылап, алынған ақпаратты басқа пайдаланушыларға жеткізе алады.	Аудиториямен қарым-қатынас және өзара әрекеттесуді қамтамасыз ететін ана тілі мен басқада тілдік білімін көрсеткені үшін қойылады. Өзін-өзі үздіксіз дамытуға және дамуға қабілетті болғаны үшін, ақпараттарды талдап және қорытындылап, алынған ақпаратты басқа пайдаланушыларға жеткізе алады.
БҚ 3.1	Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданғаны, алған білім негізінде оқу экспериментін жүргізгені үшін қойылады				

Аралық бақылауды ауызша/ жазбаша бағалау критерийлері

Тақырыптар бойынша бағалау критерийлері	
Өте жақсы А (4,0; 95-100%); А- (3,67; 90-94%)	Білім алушы пән бойынша терең білімі мен түсінігін көрсетіп, ақын жазушының шығармасының мазмұнын толық айта білсе, тақырыпты ашық және астарлы айтылған мағыналарды терең түсінеді. Шығармадағы оқиғаның байланысын анықтайды, шарықтау шегін көрсетеді, өз ойын жетік білдіре алады, қорытынды шығарады, әдеби сын жасай алса қойылады.
Жақсы В+ (3,33; 85-89%); В (3,0; 80-84%) В- (2,67; 75-79%)	Білім алушы пән бойынша жеткілікті білімі мен түсінігін көрсетуде ой пікірі мен қорытынды жасай алады. Шығарманың тақырыбын, идеясын, проблемаларын түсініп, алайда автордың көзқарасын, астарлы айтылған мағыналарды анықтауда аздаған қателер жібереді.
Қанағаттанарлық С+ (2,33; 70-74%) С (2,0; 65-69%) С- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	Шығарманың жалпы мазмұнын түсінеді, тақырып пен идеяны, проблеманы анықтауда көп жағдайда қателеседі. Шығарманың сюжетін, кейіпкерлердің іс-әрекетін талдау дағдысы шектеулі, көзқарасын қысқа тұжырымдағанымен, дәлелдері жеткіліксіз.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA - 1979 -	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-25
Силлабус		20 беттің 17 беті

Қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%)	Тақырыпқа қатысты түсінігін қысқаша жеткізіп, шығармадағы өзінің ой - пікірін, көзқарасын жеткізе аламаса, шығарманың мазмұнын толық айта алмаса қойылады.
---	--

Емтихан нәтижелерін ауызша/ жазбаша бағалау критерийлері

Тақырыптар бойынша бағалау критерийлері	
Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	Білім алушы пән бойынша терең білімі мен түсінігін көрсете алуы тиіс. Ақын жазушының шығармасының мазмұнын толық айта білуі қажет. Шығарманың тақырыбын, идеясын, мәселелерін, автордың көзқарасын, ашық және астарлы айтылған мағыналарды терең түсінеді. Шығарманың сюжеттік, тілдік ерекшеліктерін, кейіпкерлердің іс-әрекетін және амалдарын толық талдап, өз көзқарасымен дәлелді тұжырымдайды. Шығарманың идеялық көркемдік, композициялық, стильдік тұтастығы, тілдік ресімделуі тұрғысынан көркем мәтінге сыни талдау жасайды.
Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%)	Білім алушы пән бойынша жеткілікті білімі мен түсінігін көрсетеді. Өртүрлі жанрдағы шығармалардың мазмұнын білуі тиіс. Шығарманың тақырыбын, идеясын, проблемаларын түсініп, алайда автордың көзқарасын, астарлы айтылған мағыналарды анықтауда аздаған қателер жібереді. Шығарманың сюжеттік, тілдік ерекшеліктерін, кейіпкерлердің іс-әрекетін және амалдарын талдап, өз көзқарасымен тұжырымдайды. Шығарманың композициялық, тілдік ресімделуі тұрғысынан көркем мәтінге талдау жасайды.
Қанағаттанарлық C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	Білім алушы пән бойынша қанағаттанарлық деңгейде білімін көрсетеді. Өртүрлі жанрдағы шығармалардың кейбір фрагменттерін біледі. Шығарманың жалпы мазмұнын түсінеді, тақырып пен идеяны, проблеманы анықтауда көп жағдайда қателеседі. Шығарманың сюжетін, кейіпкерлердің іс-әрекетін талдау дағдысы шектеулі, көзқарасын қысқа тұжырымдағанымен, дәлелдері жеткіліксіз.
Қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%)	Тақырыпқа қатысты түсінігін қысқаша жеткізіп, шығармадағы өзінің ой - пікірін, көзқарасын жеткізе аламаса, шығарманың мазмұнын толық айта алмаса қойылады.

ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN
MEDISINA
AKADEMIASY



SOUTH KAZAKHSTAN
MEDICAL
ACADEMY

«Öntüstik Qazaqstan medicina akademiasy» AQ

AO «Южно-Казакстанская медицинская академия»

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы

044-73/11-25

Силлабус

20 беттің 18 беті

<p> ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ </p>		<p> SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» </p>
<p>«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы</p>		<p>044-73/11-25</p>
<p>Силлабус</p>		<p>20 беттің 19 беті</p>

<p> ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ </p>		<p> SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» </p>
<p>«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы</p>		<p>044-73/11-25</p>
<p>Силлабус</p>		<p>20 беттің 20 беті</p>